



**«Едіге Тұрсыновтың ғылыми мұрасы қазіргі гуманитарлық ғылымдардың
әдіснамалық контексінде»**

**Е.Д. Тұрсыновтың туғанына 80 жыл толуына арналған халықаралық
ғылыми-теориялық конференция**

МАТЕРИАЛДАРЫ

22 сәуір, 2023 жыл

МАТЕРИАЛЫ

**Международной научно-теоретической конференции,
посвященной 80-летию со дня рождения Е.Д. Турсунова**

**«Научное наследие Едыге Турсунова в контексте методологических проблем
современной гуманитарной науки»**

22 апреля, 2023 года

MATERIALS of the

International scientific and theoretical conference

dedicated to the 80th anniversary of the birth of E.D. Tursunov

**«Scientific heritage of Edyge Tursunov in the context of methodological issues of modern
humanities»**

22 april 2023

Алматы, 2023

УДК 001(063)
ББК 72
Е 31

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

ЖАМБЫЛ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫ МЕН ӘДЕБИЕТІН ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ

М.О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

Жауапты редакторлары: филология ғылымдарының кандидаты *Қ. Жаңабаяв*,
филология ғылымдарының кандидаты *Ж.С. Рақыш*

Е 31

Едіге Тұрсыновтың ғылыми мұрасы қазіргі гуманитарлық ғылымдардың әдіснамалық контексінде: Е.Д.Тұрсыновтың туғанына 80 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Научное наследие Едыге Турсунова в контексте методологических проблем современной гуманитарной науки: Материалы Международной научно-теоретической конференции, посвященной 80-летию со дня рождения Е.Д. Турсунова. – Scientific heritage of Edyge Tursunov in the context of methodological issues of modern humanities: Materials of the International scientific and theoretical conference dedicated to the 80th anniversary of the birth of E.D. Tursunov. – Алматы, 2023. – 432 б.

ISBN 978-601-230-124-3

Жинақта «Едіге Тұрсыновтың ғылыми мұрасы қазіргі гуманитарлық ғылымдардың әдіснамалық контексінде» атты Е.Д. Тұрсыновтың туғанына 80 жыл толуына арналған Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияға ұсынған баяндамалар жарияланды. Авторлар өз мақалаларында Едіге Тұрсыновтың ғылыми мұрасының Қазақстан фольклортану, әдебиеттану және өнертану, мәдениеттану саласын дамытудағы ролін анықтайды. Гуманитарлық ғылымдар мәселелеріне қызығатын қауымға арналған.

В сборнике опубликованы доклады, представленные на международной научно-теоретической конференции «Научное наследие Едыге Турсунова в контексте методологических проблем современной гуманитарной науки», посвященной 80-летию со дня рождения Е.Д. Турсунова. Авторы статей раскрывают роль научного наследия Едыге Турсунова в развитии фольклористики, литературоведения и искусствоведения, культурологии Казахстана. Предназначено всем, кто интересуется проблемами гуманитарной науки.

УДК 001(063)
ББК 72

ISBN 978-601-230-124-3

© М.О. Әуезов атындағы
Әдебиет және өнер институты, 2023

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ – CONTENTS

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС – ПЛЕНАРНОЕ ЗАСЕДАНИЕ – PLENARY SESSION

Түймебаев Ж.Қ. Құттықтау сөз	8
Матыжанов К.С. Ғалым туралы сөз	13
Ыбыраев Ш. Е. Тұрсыновтың зерттеу әдістемесі және қазіргі фольклортану ғылымының даму тенденциялары.....	15
Орозобекова Ж.К. Сказительское искусство: Контаминация в героических эпосах.....	20
Азибаева Б.У. Архаическое мировоззрение и профессиональная деятельность баксы	32
Önal M.N. Türk dünyasının ortak değerleri: zümürdü anka masal örneği.....	42
Бисенғали З.-Ғ.Қ. Профессор Е.Т. Даригұлұлы фольклорлық тұлғалар бейнесі туралы	50
Приветствие профессора И.И. Земцовского	54
Выступление профессора А.Б. Кунанбаевой	55
Нуркатов А. Приветственное слово.....	56

СЕКЦИЯЛЫҚ МӘЖІЛІСТЕР – СЕКЦИОННЫЕ ЗАСЕДАНИЯ – SECTIONAL SESSIONS

СЕКЦИЯ 1. *Е.Д. Тұрсынов еңбектерінің ұлттық және әлемдік ғылыми кеңістіктегі тарихи-мәдени маңызы*

СЕКЦИЯ 1. *Историко-культурное значение трудов Е.Д. Турсунова в национальном и мировом научном пространстве*

SECTION 1. *Historical and cultural significance of the works of E.D. Tursunov in the national and the world scientific space*

Шаймерденова Н.Ж. Идеи Е. Турсунова в контексте современных научных поисков тюркско-славянского этноязыкового ландшафта Казахстана	61
Елеманова С.А. Труды Е.Д. Турсунова как методологическое основание современного этномузыказнания в Казахстане	66
Жанабаев К. Некоторые методологические подходы Е. Турсунова и устная теория Пэрри-Лорда.....	71
Иманов М.К. Образ безумца в эпосе « Книга моего деда Коркута».....	88
Рамазанова А.Х. Переиздание романических дастанов в Турции в период модернизации (на материале дастана «Арзу-Камбар»)	107
Эфендиева Ч. О паремической основе азербайджанских фольклорных текстов.....	113
Guliyev N. Azerbaycan dilli sanal sosyal ortamda koronavirus pandemisinin folklorik tezahürleri	118
Шахрияр Г.Ф. Эпические формулы в эпосе об Едигее.....	125
Qasimova A.M. Collection, Publication and Research of the dastan «Gachag Nabi»	134

Әлмұхан Р.Т. Қазақ ғылымында бақсы типінің зерттелуі.....	141
Әбжет Б. Бақсы мен шамандықтың дүниеге келуі туралы тұжырымдар: Е.Тұрсыновтың зерттеуі негізінде	145
Булдыбай А.С. Эпос «Манас» в контексте мировой культуры.....	150
Сәкен С.И. «Едіге» жырының тарихилығы	158
Рақыш Ж.С. Қазіргі фольклордағы жанрлар трансформациясы	164
Әуесбаева П.Т. Қазақ фольклорындағы әңгімеші типі.....	170
Ақан А.Ү. Постфольклордың ғаламтор мен әлеуметтік желідегі көрінісі	177
Жақан Д.С. Мұң-шер өлеңдеріндегі жоқтаушы типі	182
Пангереев А.Ш., Дауылова Ж.Т. Шернияз ақын және оның дәуірі.....	190
Балтымова М.Р. Түркі тілдес халықтардың балаларға арналған фольклорлық шығармаларының тәрбиелік сипаты	199
Сәрсек Н. Қазақ және түрік мақал-мәтелдеріндегі әйел концепті.....	207
Әкімова Т.Т. «Ер Тарғын» жырының зерттелу тарихы	214
Салтақова Ж.Т. Қазақ шежіре жырларындағы уақыт пен кеңістік ұғымы.....	218
Мурсалимова Н.М. Қолжазба қорындағы айтыс жанрының жиналу тарихы	226
Оралбек А. Халық ақыны Әбдіғали Сариевтің шығармашылық портреті	230
Сманова Е. Қолжазба қорларындағы бесік жырының жиналуы мен жариялануы	239
Жолдыбаев О.М. Тойбастар жанрының ерекшеліктері	245
СЕКЦИЯ 2. <i>Е.Д. Тұрсыновтың кешенді-концентристік көзқарасы және қазіргі ғылыми гуманитарлық білімді зерттеудегі әдіснамалық мәселелер</i>	
СЕКЦИЯ 2. <i>Комплексно-концентрический подход Е.Д. Турсунова и методологические проблемы современных научных исследований гуманитарного знания</i>	
SECTION 2. <i>Complex-concentric approach of E.D. Tursunov and methodological issues of modern scientific researches on humanitarian knowledge</i>	
<i>Şafiyeva Әfşan Heydər qızı. Әрәб xilafətinin orta asiyaya yürüşləri.....</i>	<i>253</i>
<i>Məhərrəmova S.S. Qərbi hun imperiyası</i>	<i>262</i>
<i>Əhmədov R.V. Eftalilər dövləti.....</i>	<i>273</i>
<i>Hasanov Y.L. Economic Relations Between The Republic Of Turkey And Soviet Russia In The1930s.....</i>	<i>278</i>
<i>Əsədova A.V. Azərbaycan respublikasının işğaldan azad olunan ərazilərində tarixi abidələrini və muzeylərini bərpası haqqında.....</i>	<i>285</i>
<i>Cəlalzadə B.M. Oğuz Yabqu Dövləti</i>	<i>293</i>
<i>Əhmədova Şəhla Müzəffər qızı. Qaraxanlılar dövləti.....</i>	<i>300</i>
<i>Курбанова Д.А., Курбанов М.К. Методы исследования общетюркского наследия в трудах Е. Турсунова</i>	<i>309</i>
<i>Кондубаева М.Р. Комплексно-концентрический подход как базовый в системе</i>	

4. Қадырғали Жалайыр. Шежірелер жинағы. Алматы: «Қазақстан» баспасы, 1997.
5. Тизенгаузен В.Г. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Том I. 1884.
6. Едіге батыр. Алматы, 1999.
7. История Казахстана в арабских источниках. I том. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Алматы: «Дайк-пресс», 2005.
8. Сафарғалиев М.Г. Распад Золотой Орды // в книге: Кочевники. Том III. Золотая Орда. Павлодар: ТОО НПФ «Эко», 2007.
9. Лашков Ф.Ф. Сборник документов по истории Крымско-татарского землевладения. Известия Таврической ученой комиссии, №23, 1895.
10. Бабалар сөзі. Жүз томдық. Батырлар жыры. 39-том. Астана: «Фолиант», 2006.

Рақыш Жұмашай Сайлауқызы, филол. ғ.к.,

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер
институтының жетекші ғылыми қызметкері,
Алматы, Қазақстан,
zhumashay19@mail.ru

ҚАЗІРГІ ФОЛЬКЛОРДАҒЫ ЖАНРЛАР ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ

Аңдатпа. Қазіргі таңда фольклордың статусы өзгеріп, көптеген фольклор жанрлары жаңадану жағдайына байланысты біршама трансформацияға түскен. Мақалада интернет фольклордың отандық және шетелдік фольклортану ғылымында зерттелуіне шолу жасалып, виртуалды коммуникацияны талдаудың қолданбалы аспектілері жүйелі сараланды. Зерттеу нысаны ретінде әлеуметтік желі арқылы таралған постфольклорлық мәтіндер алынды. Қазақ фольклорының интернет желісінде өмір сүру мүмкіндігі ғылыми тұрғыда зерделеніп, оған баға беру қажеттігі контент талдау барысында дәлелденді. Ғаламтор желісінде жиналған фольклорлық мәтіндерді миллиондаған желі қолданушылар белсенді қолданады, оларды іздеу, жиналған мәліметтерді базада сақтау, жүйелеп өңдеу, big data мәліметтермен жұмыс, статистикалық талдау жұмыстары жүргізілді. Зерттеу барысында жүздеген адамға сауалнама жүргізілді, оның статистикалық нәтижесі сарапталды.

Кілт сөздер: постфольклор, жанр, сюжет, нұсқа, мәтін, виртуалды коммуникация.

Annotation. Currently, the status of folklore has changed, and many folklore genres have undergone a significant transformation due to globalization. The article presents an overview of post-folklore studies in domestic and foreign folklore studies and for the first time considers the applied aspects of the analysis of virtual communications. Post-folklore texts distributed through social networks were considered as the object of research. The possibility of the existence of Kazakh folklore on the Internet has been scientifically studied and proved during content

analysis. The search for folklore texts on the Internet, storage of the collected data in the database, systematized processing, statistical analysis, work with big data data were carried out. During the study, hundreds of respondents were interviewed, the statistical results of which were analyzed.

Key words: postfolklore, Internet folklore, genre, plot, version, text, virtual communication.

Аннотация. В настоящее время статус фольклора изменился, и многие фольклорные жанры претерпели значительную трансформацию в связи с глобализацией. В статье представлен обзор исследований интернет-фольклора в отечественной и зарубежной фольклористике, систематически проанализированы прикладные аспекты анализа виртуальной коммуникации. В качестве объекта исследования рассматривались постфольклорные тексты, распространяемые через социальные сети. Возможность существования казахского фольклора в сети интернет была научно изучена и доказана в ходе контент-анализа. Проведены поиск фольклорных текстов в сети интернет, хранение собранных данных в базе, систематизированная обработка, статистический анализ, работа с данными big data. В ходе исследования были опрошены сотни респондентов, статистические результаты которых были проанализированы.

Ключевые слова: постфольклор, интернет-фольклор, жанр, сюжет, вариант, текст, виртуальная коммуникация.

XX ғасырдың соңына қарай ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуына байланысты әлемде қоғамдық өмірдің барлық саласында күрделі өзгерістер орын алды. Интернет желісінің жедел дамуы дәстүрлі фольклор жанрларының ғасырлар бойы қалыптасқан өмір сүру аясына әсерін тигізді. Виртуалды ортадағы фольклор үлгілерін жан-жақты зерттеу назарға алынды.

Интернеттегі фольклор АҚШ, Ресей, Бразилия, Эстония, Литва, Франция, Венгрия сияқты елдерде 1990 жылдардан бастап ғылыми тұрғыда қарастырылып, монографиялар мен мақалалар жарияланған [1, 153]. Соның ішінде америкалық фольклортанушы Алан Дандестің зерттеулері осы саладағы ғылыми пікірталастың өрістеуіне ықпал жасады [2]. Түрік және әзірбайжан ғалымдарының, атап айтқанда Z.Baki, A.Guvenc, Ф.Баят, Н.Quliev, т.б. интернет фольклор жөніндегі зерттеулері ерекше назар аударуды қажет етеді [3].

Коммуникативті кеңістіктің өзгерістерін сипаттайтын терминдер орыс ғылымында «интернетлор» (Неклюдов), «виртуалды фольклор» (Рукомойникова, Лутовинов), «желілік фольклор» (Радченко, Розин, Фролова, Метальникова, Петрова, Джалилова) [4], «интернет-фольклор» (Каргин, Костина, Ланская, Алексеевский, Власова, Суслова) деген атаумен беріледі [5]. Ал халықаралық деңгейде «internet folklore», «netlore», «computerlore», «computer folklore», «virtual folklore», «cyberlore», «e-Folklore», «digital folklore» деген терминдер қолданылады [5, 154].

Дәстүрге негізделіп, прагматикалық мақсатта қолданылатын фольклор туындысы ауызша орындалған сәтте ғана өмір сүретіні белгілі. Жыршы тыңдаушының ынта-ықыласына

қарай шығарманы ұзақ айтуы немесе қысқа қайыруы ықтимал, яғни айтушы мен тыңдаушы бір мезгілде ауызша мәтіннің жасалуына ықпал етеді. Ал қағазға немесе бейнетаспаға жазылып алынған фольклор туындысы дәстүрлі фольклордан алшақтайды.

«Постфольклор» терминін алғаш рет профессор С.Ю. Неклюдов 1995 жылы «Живая старина» журналының № 1 санында жарияланған «После фольклора» деген мақаласында кейбір өзіндік белгілерін жоғалтқан қазіргі фольклорды белгілеу үшін енгізген [6, 2-4]. Постфольклор деп фольклор заңдылығымен дамиды, дегенмен фольклордың ресми анықтамасына сәйкес келмейтін мәтіндер танылады. Постфольклор мәтінінің авторы болмауы немесе ұмытылып, бұқаралық сипат алуы, көп нұсқалығы, өзгергіштігі, мультимедиялық қасиеті оны дәстүрлі фольклорға жақындатады.

Америка фольклортануында «фольклор» деген терминмен ертегі, жұмбақ, ойын фольклоры мен ғұрыптық фольклор т.б. жанрларды ғана емес, анасының қызына тоқыма өнерін үйретуі сияқты материалдық емес мәдени мұраны да атайтыны белгілі [7, 237].

Постфольклор қазіргі мәдениеттегі жаңа фольклорлық құбылыс ретінде және қазіргі фольклортанудың ғылыми мәні жөнінде отандық ғылымда көп зерттеле қоймаған. Дегенмен қарағандылық фольклортанушы Сәуле Бралинаның шетел фольклортануындағы зерттеулерге сипаттамалық-сараптамалық еңбектері бар, бірақ онда қазақ тілді интернет-контент арнайы қарастырылмаған [8]. М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты дайындаған «Кибер әдебиет» атты ұжымдық монографияда желі арқылы таралған қазіргі әдебиет сарапталған [9].

Постфольклор пандемия жағдайында қарқынды дамыды. Интернет-фольклорда желі немесе мессенджер арқылы келген мәтінмен немесе хабарламалармен танысып, оған редакция жасап, өзгерту, сақтау, жазып алу, көшіру, ары қарай басқа біреуге тарату – желі қолданушылардың құзіретінде.

Кез келген цифрлы әлемді меңгерген адам аңыздарды өз талғамына қарай жаңғырта алады, кейбір оқиғаларды қосып, әсірелеп немесе қысқартып, интернеттегі бағдарламалар арқылы бөліседі. Киберкеңістік халықтың виртуалды зердесіне айнала бастады. Тарихи аңыздар, топонимдік аңыздар және шежірелік аңыздар киберкеңістікте кеңінен таралып, белгілі бір интернет порталдың, сайттардың қызметінде (фото, видео, жарнама түрінде), әлеуметтік желілерде пайдаланылуда. Аңыздардың ақпараттық немесе коммуникативті функцияларының белсенділігі артты. Ал ән өлеңдері авторының ұмытылуы оның фольклорға айнала бастауын көрсетеді. Ел есінде көше әні ретінде сақталған мәтінді жеткізуші оның авторын білмесе, постфольклорлық мәтінге айналады [6, 2-4].

Студент қатарына қабылдау рәсімі, оқу мерзімінің ортасын атап өту дәстүрі, студенттік немесе мектеп кезеңінде қыздар альбомы мен әскери қызметте болған солдаттың альбомындағы жазбалар, әскерге қабылданған мерзімнің басы-ортасы-соңы аталып өтуі постфольклордың жанрлық түрлеріне жатады. Қыздардың альбомына «Гүлденген әлем, пәленшеден сәлем», «Роза гүлді аларсың, Оны суға саларсың. Оны суға салғанда Мені есіңе аларсың» немесе «Гүлді салған себебім, Гүлдей жайна дегенім, Жапырағын салған себебім.

Жайнап өссін дегенім» деген мазмұндағы бір альбомнан келесі альбомға көшірілетін тақпақтар көпнұсқалы болып келеді. Мысалы, «Қатем болса кешір, өшіргішпен өшір. Өшіргішің болмаса, жүрегіңнен өшір!» немесе «Қатесі болса кешір, өшіргішпен өшір. Өшіргішпен өшпесе, шын жүрекпен кешір». «Аққуды атпа, досыңды сатпа». «Аққуды атқаның – досыңды сатқаның». Келтірілген мәтіндік мысалдар жекелеген информанттардан алынды.

Топонимдік постфольклордың бір түрі ретінде белгілі бір ескерткіштің орнатылуы туралы ресми мәліметтен өзгеше, басқаша түсіндіру баяны қарастырылады. Кейбір зерттеушілер интернет желісіндегі жанрларды фольклор деп санамайды [10, 15].

Зерттеуші Дэниел ВанАрсдэйл «Шынжыр хаттардың эволюциясы» атты еңбегінде 1993 жылдан бері таралып жүрген электронды хаттарды зерттеу қажеттігі айтылады, «бақыт хаттарының» бірнеше түрін: «таратпасаң бақытсыздыққа ұшырайсың» және «таратсаңыз сәттілік әкеледі» деген мазмұндағы хаттар, қайырымдылық немесе айырбас жасау туралы өтініш айтылатын хаттар, діни мазмұндағы хаттар, бұрын жазылған шынжыр хаттардың мазмұнына пародия-хаттар т.б. көрсетеді. «Bogus Warning» (жалған ескертулер), вирустан сақтану жолдары туралы, жоғалған балалар туралы хаттар, петициялар, саяси жағдайға қатысты комментарийлер және т.б. [11].

Әлемде интернет фольклор контекстінде сатира жанрындағы әңгімелер жиі кездеседі. Мысалы, әзірбайжан зерттеушісі Х.Гулиевтің пікірінше, Көрұғлы бейнесі виртуалды ортада трансформацияланып, пародия стилінде, ирониялық формада суреттеледі. Оның пародия кейіпкеріне айналуының әлеуметтік-психологиялық, әлеуметтік-мәдени және философиялық аспектілері нақтыланған. Зерттеуші әртүрлі жастағы әлеуметтік топтар арасында танымал тұлғаны әзіл-оспаққа айналдыратынын Facebook пен Twitter-дегі тегтерді зерделеу арқылы анықтаған [12, 109-125].

Интернет фольклордағы бата жанры да дәстүрлі жанрдан өзгеріске түскені байқалады. Ғұрыптық фольклордағы бата сөзде бақ-дәулет пен ынтымақ тілеуден бақытты өмір туралы түсінік көрініс табады. Халқымыз көшпелі өмірінің мәні болған төрт тұлғаның көбеюін тілек еткен. Бата сөз жанрында бата берушінің «болсын!» деген етістікке аяқталып отыратын, формула түріндегі сөзге көпшілік «әумин» деп қолдап отырады. Сөз құдіретіне сену және сөз магиясын қастерлеу жөнінде көптеген ғалымдар атап көрсеткен [13]. Интернет желісінде мерекелер мен апта күндеріне қатысты түрлі құттықтаулар мол тараған. Мысалы, бірыңғай дауыссыз «ж» дыбысынан басталатын жаңа жылдық тілектердің таралуы желі қолданушылардың сөз әуезділігі мен үйлесімділігіне мән беретінін айғақтайды.

Заманауи бесік жыры да жанрлық трансформацияға ұшыраған. Жинақтарда негізінен дәстүрлі бесік жырлары жарияланса, әлеуметтік желілерде олар осы заманға сай түрленіп қолданылады. Бұрынғы бесік жырларында сол заманның тұрмысы көрініс берсе, қазіргі бесік жырлары заманауи ұғым-түсініктермен алмасты. Бұрын анасы баланың ел-жұртын жаудан қорғауын арман етсе, қазіргі таңда қоғамда материалдық игіліктер басты мән иеленгені байқалады: «Әлди-әлди, ақ бөпем, Колясқаңа жат, бөпем. Сен бизнесмен боласың, Коттедж үйде тұрасың. Айналайын қарағым, Өскенде бізді бағасың!»

Фольклордың ірі жанрлары, әсіресе жырлар, дастандар постфольклорда бірте-бірте өмір сүруін тоқтатады, оның есесіне постфольклордың шағын жанрлары, аңыздар, қауесеттер, қорқынышты әңгімелер, ғұрыптық фольклордың наным-сенім үлгілері, нәресте туғанда, үйлену тойында айтылатын өлеңдер, кісі қайтыс болғанда орындалатын рәсімдер өмір-шеңдігін танытып келеді. Қазіргі үйлену тойында орындалатын ғұрыптардың бірі қаланың немесе сол өңірдің көрнекі жерлеріне бару үрдісі қалыптасқан болатын, COVID-19 індетінен кейін бұл үрдіске де біршама өзгерістер енді.

Постфольклордың өзгергіштігі байқалады, бір кезде жиі айтылған анекдоттар корпусы тез өзгеріп отырады. Жалпы саяси тақырыптағы анекдоттар көбірек айтылады, соңғы кезде коронавирустық инфекция пандемиясы, маска тағу ережесін сақтау туралы айту белең алған. Анекдотты қоғамдағы жағдайдың, мәдени-әлеуметтік мәселелердің ушығу деңгейін көрсететін барометр деуге болады. Онлайн білім алу жағдайында туындаған анекдоттар гаджетті актив қолданушы ұрпақтың белсенділігін көрсетті.

Қорыта келгенде виртуалды коммуникациядағы қазақ постфольклорлық мәтіндерінің электронды базасын қалыптастыру мақсатында жинақталған материалдар жүйеленіп, сараланды. Қазақ постфольклоры бойынша бұрын жарияланбаған, мазмұндық және тақырыптық жағынан бағалы материалдар қоры жиналды. Қазақ постфольклорының жанрлық өзгерісін таныту бағытындағы зерттеу гуманитарлық ғылым саласы мамандарына арналады. Қазақ постфольклорының жанрлық трансформациялануы талданды, сейілдік мақсаттағы интернет-контент қарастырылды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. *Алексеевский М.Д.* Интернет в фольклоре или фольклор в Интернете? (современная фольклористика и виртуальная реальность) // От Конгресса к Конгрессу. Навстречу Второму Всероссийскому конгрессу фольклористов: Сб. материалов. – М.: ГРЦРФ, 2010. – С. 151-166. – URL: http://folk.pomorsu.ru/opensource/alekseevsky_folklor_viternete.pdf (дата обращения: 11.03.2022); *Грамотчикова Н.Б., Хоруженко Т.И.* Постфольклор и интернет-фор: учеб-метод пособие. – Екатеринбург: Изд-во Урал. ун-та, 2017. – 62 с. – URL: https://elar.ufu.ru/bitstream/10995/54011/1/978-5-7996-2180-3_2017.pdf (дата обращения: 11.03.2022).
2. *Dundes.A.* Folkloristics in the Twenty First Century (AFS Invited Presidential Plenary Adress, 2004) // The Journal of Amican Folklore. Vol 118, № 470 (Autumn 2005), pp. 385-408; *Dundes A.* The Study of Folklore 1965. 481 p., *Dundes A.* Interpreting Folklore. 1980. 460 p. Meaning of Folklore The Analytical Essays of Alan Dundes. 2007.
3. *Baki, Z.* Internet folkloru/ netlore baglaminda sozlu kulturun donusumune netnografik yaklasimlar: Katilimci sozlu ornekleri (Yuksekk Lisans Tezi). Gazi Universitesi Sosyal Bilimler Enstitusu. 2014. 123 s.; *Баят Ф.* Уроки фольклора. Баку: Наука и образование, 2012; *Баят Ф.* От фольклора к постфольклору. Фольклороведение: проблемы, исследования // Журнал «Деде Коркуд», 2018. № 2. 39-51; *Guvenc A.O.* Internet folklore uzerine onerilem bir termin e-folklor. Ataturk Uneversitesi Sosyal Bilimler Enistitusu Dergisi 18, 2014. S. 31-46; *Кулиев Х.* Проблема анонимности в Интернет-фольклоре // Журнал «Деде Коркуд», 2019, № 2, С. 81-93, *Гасанова Г.М.* Виртуальный фольклор в социально-культурной среде // Закарпатські філологічні студії. Випуск 14. Том 2. С. 263-267. DOI <https://doi.org/10.32782/tps2663-4880/2020.14-2.49> – URL: http://zfs-journal.uzhnu.uz.ua/archive/14/part_2/51.pdf; *Quliyev H.* Virtual mühitde folklor: ənənə və kommunikasiya. Bakı: «Sabah», 2018. – 256 səh.
4. *Неклюдов С.Ю.* Фольклор современного города // Современный городской фольклор. – М.: РГГУ. – 2003. – С. 5-24; *Рукомойникова В.П.* «Виртуальный» фольклор: за и против. – Йошкар-Ола, 2004; *Лутовинова О.В.* Байка в виртуальном фольклоре // Русский язык за рубежом. – 2009. – № 2. – С. 77-82; *Радченко Д.А.* Сетевой фольклор как способ осмысления актуальной реальности // Folk-art-net: новые горизонты творчества. От традиции – к виртуальности. – М., 2007. – С. 63-75; *Розин В.М.* Феномен сетевого фольклора // Традиционная культура. – 2007. – № 3. – С. 15-22; *Фролова О.Е.* Визуальная специфика сетевого анекдота // Традиционная культура.– 2007. – № 3. – С. 30-36; *Метальникова В.В.* Байка об аццком баяне

- (Традиционные фольклорные жанры и их модификации в Интернете) // Интернет и фольклор: Сб. ст. – М., 2009. – С. 106-116; Петрова А.А. Язык и текст сетевого фольклора: сленг, анекдот и частушка // Интернет и фольклор: Сб. ст. – М., 2009. – С. 218-234; Джалилова Н.А. Виртуально-фольклорные формы презентации идентичности в Интернете // Интернет и фольклор: Сб. ст. – М., 2009. – С. 294-301.
5. Каргин А.С., Костина А.В. Научное осмысление интернет-фольклора: актуальные проблемы и опыт исследования // Интернет и фольклор: Сб. ст. – М., 2009. – С. 5-18; Ланская Ю.С. Американская «Vogus Warnings» («ложные предупреждения об опасности») и российские «письма счастья» // Интернет и фольклор: Сб. ст. – М., 2009. – С. 158-169; Алексеевский М.Д. «Что мне водка в летний зной...»: проблемы текстологии фольклора в Интернете // Интернет и фольклор: Сб. ст. – М., 2009. – С. 71-89; Власова Г.И. Интернет-поздравления как жанр постфольклора // Интернет и фольклор: Сб. ст. – М., 2009. – С. 294-301; Суслова Т.И. Интернет-фольклор как форма межкультурной коммуникации // Дефиниции культуры. Вып. 8. – Томск, 2009. – С. 286-297.
 6. Неклюдов С.Ю. После фольклора // Живая старина. – 1995. – № 1. – С. 2-4. - URL: <http://www.folkcentr.ru/zhivaya-starina-1995-1>. (дата обращения: 11.03.2022).
 7. Иванова Т.Г. Американская фольклористика о русском фольклоре // Russian Studies: Ежеквартальник русской филологии и культуры. – СПб., 1995. – № 2. – С. 237.
 8. Бралина С. Альтернативные компоненты фольклорной идентичности // Идентичность в современном мире: Материалы Междунар. науч.-теор. конф. – Караганда: Изд-во КарГУ, 2002. – С. 67-71; Бралина С. Концептуальная сущность современного фольклора // Язык. Этнос. Картина мира: Сб. науч. трудов. – Кемерово: Комплекс «Графика», 2003. – С. 99-103; Бралина С. Научный статус современной фольклористики // Татищевские чтения: Актуальные проблемы науки и практики: Материалы Междунар. науч. конф. Ч. III. – Тольятти: Изд-во Волж. ун-та, 2004. – С. 86-90; Бралина С. Postfolklore как феномен современной культуры // Вестник КарГУ. Серия филол. – 2005. – № 4. – С. 44-46; Бралина С. Неофольклорные явления в современной культуре // Вестник КарГУ. Серия филол. – 2011. – № 1. – С. 36-43.
 9. Кибер әдебиет: Ұжымдық монография / Жауапты ред. Қалиева А.Қ. – Алматы: 2020.
 10. Адоньева С.Б. Прагматика фольклора. – СПб.: Изд-во С.-Петербур. ун-та; Амфора, 2004. – 312 с.
 11. Daniel W. VanArsdale. Chain Letter Evolution. 2016 // URL: <https://carryiton.net/chain-letter/evolution.html> (in Eng.).
 12. Guliyev, Hikmet. Internet Folkloru Bağlamında Parodik Kahraman Algısı: Sosyal Protesto ve Yetişkinliğe Kültürel Geçiş // Millî Folklor. 2022, 136, 109-125. – URL: <https://www.millifolklor.com/PdfViewer.aspx?Sayi=136&Sayfa=111> (in Turkish)
 13. Howard, R.G. Electronic Hybridity: The Persistent Processes of the Vernacular Web. *The Journal of American Folklore*, 2008, 121 (480), 192–218. <http://www.jstor.org/stable/20487596>; Blank, T.J. (Ed.). *Folklore and the Internet: Vernacular Expression in a Digital World*. University Press of Colorado. 2009. 260 p. <https://doi.org/10.2307/j.ctt4cgrx5>; Hansen, G. Public Folklore in Cyberspace. In T. J. Blank (Ed.), *Folklore and the Internet: Vernacular Expression in a Digital World*. 2009. pp. 194-212. University Press of Colorado. <https://doi.org/10.2307/j.ctt4cgrx5.12>; Howard, R.G. Crusading on the Vernacular Web: The Folk Beliefs and Practices of Online Spiritual Warfare. In T. J. Blank (Ed.), *Folklore and the Internet: Vernacular Expression in a Digital World*. 2009. pp. 159-174. University Press of Colorado. <https://doi.org/10.2307/j.ctt4cgrx5.10> (in Eng.).

«Едіге Тұрсыновтың ғылыми мұрасы қазіргі гуманитарлық ғылымдардың әдіснамалық контексінде» Е.Д. Тұрсыновтың туғанына 80 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

Ұйымдастыру комитеті жарияланып отырған мақалалардың мазмұнына жауап бермейді.
Оргкомитет конференции не несет ответственность за содержание публикуемых статей.
The Organizing Committee of the conference is not responsible for the content of published articles.

Конференция ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландырған АР09261377 «XV-XVIII ғасырлардағы жыраулар поэзиясының көркемдік-анықтаушы жүйесін, «формулалық стилистикасын» және грамматикасын зерттеу. Жиілік сөздік» (2021-2023) және АР14871567 «Қазақ постфольклоры: генезисі, семантикасы және жанрлар трансформациясы» (2022-2024) атты ғылыми-зерттеу гранттық жобалар аясында өткізілді.

Конференция проведена в рамках грантового финансирования Комитета науки МНВО РК научно-исследовательского проекта АР09261377 «Исследование художественно-определяющей системы, «формульной» стилистики и грамматики поэзии жырау XV-XVIII веков. Частотный словарь» (2021-2023) и АР14871567 «Казахский постфольклор: генезис, семантика и жанровая трансформация» (2022-2024).

The conference was held within the framework of grant funding Science Committee of the MSHE of the RK of the scientific and research project АР09261377 «Research of the artistic-determinative system, «formulaic stylistics» and grammar of Zhyrau XV-XVIII centuries. Frequency dictionary» (2021-2023) и АР14871567 «Kazakh postfolklore: genesis, semantics and transformation of genres» (2022-2024).

Жауапты шығарушы Е.А. Сманова
Компьютерде беттеген А. Жұмағалиев

Басуға 06.06.2023 қол қойылды.

Пішімі 84x108 ¹/₁₆

Қаріп түрі «Times New Roman».

Көлемі 27,0 баспа табақ.

Таралымы электронды түрде.

ISBN 978-601-230-124-3



9 786012 301243